

2. Қарағанды облысындағы арнайы көшіріліп әкелінгендер. Құжаттар мен материалдар жинағы. - Қарағанды.- 2007.
3. «Ұлы Жеңіс: жаңа көзқарастар мен қадамдар» Жеңістің 65 жылдығына арналған халықаралық ғылыми -практикалық конференция материалдары. .-Астана. - 2010.
4. Могильницкий В. Люди Победы. - Караганда. - 2010.

ӘЛИХАН БӨКЕЙХАННЫҢ ЖУРНАЛИСТИКА МЕН ӘДЕБИЕТТАНУ САЛАСЫНДАҒЫ ҚЫРЛАРЫ

Тұңғышбаева А.Е.

Ғылыми жетекші: г.ғ.м., аға оқытушы Д.Т. Шашенов
Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды университеті
araiilimka@mail.ru

Алаш қозғалысының негізін қалаушы, Алашорда үкіметінің төреғасы, Алаш партиясының ұйымдастырушысы әлемге танымал саясаткер, ғұлама ғалым, ормантанушы, экономист, тарихшы, фольклоршы, аудармашы, Абай танушы, сыншы, көсемсөзші, энциклопедист, ұлт көсемі, ғасыр саңлағы Әлихан Нұрмұхамедұлы Қарқаралы уезінің Тоқырауын болысының №7 ауылында біздің заманымызға дейінгі XV ғасырдан бастап Ұлы Даланы мекендеген халықтардың тайпа көсемдері мен басшы батырларының мүрделері жерленген әйгілі Бегазы қорым мавзолейінің іргесіндегі Жекежалдағы Мықан төренің қыстағында өзінің саясаттағы қарсыласы, биліктегі қас дұшпаны Сталиннің өлген күнінде яғни 1866 жылдың 5-наурызында Әлихан дүние есігін ашқан. Әлиханның арғы атасы Бөкейді 14 жасында Самарқанның билеушісі көкжал Барақтан Қаз дауысты Қазыбек би қалап Орта жүзге алып келен. Бөкей 1815 жылы Нұра өзенінің бойында Орта жүзге Хан болып сайланған. Бөкейдің 9 ұлының бірі Батыр төре Қудың Қызылшілігі деген жерді мекендеген. Батырдан туған 4 ұлдың біреуі Рүстем төре сол өңірдің Жалықбас деген елінде болыс болып жүргенде қазақ даласына бекініс сала бастаған орыстарға бағынбаймын деп 1830 жылы жанына туған інісі Мырзатайды ертіп оңтүстікке көшіп Шу мен Меркенің ортасына қоныстанған [1]. Рүстем Үйсіннің төресі атанып 20 жылдай тұрған. 1838 жылы Шудың бойындағы Қорғаштының Қоскөлі деген жерде Мырзатайдың баласы Нұрмұхамед туған. 1850 жылдары Рүстем мен Мырзатай Арқаға бет алып Тоқырауын болысына №7 ауылына келіп тұрақтаған. Қаракесек-Сарым елінің биі Шон би төрелерге Желтау тауының аймағынан Шұрайлы жер берген. Рүстем мен Мырзатай төрелер Желтаудың екі жағынан қыстақ салған. Ортасындағы Жекежал деген жер Нұрмұхамедке тиген. Сол Жекежалға 1866 жылы ұлы тұлға Әлиханның кіндік қаны тамған.

Әлиханның 6 жасқа дейін тілінің шықпағандығынан да мектепке кештеу барған. Ауыл балаларымен асық ойнаудың шебері атанған. Малдардың жас төлдерін бағуға құштар болған. Қарқаралыдағы Зариф деген молдадан сауат ашып 20 жасында Қарқаралыдағы 3 сатылы бастауыш мектеп пен 3 жылдық кәсіптік училищені бітіріп етікші мамандығын алып, 24 жасында Омбы техникалық училищесін, 28 жасында Санкт-Петербургтың Императорлық орман шаруашылығы институтын бітірген және университеттің заң факультетінде экстернат түрінде оқыған. Осы университетте оқып жүріп француз тілін үйренген. Еңбек жолын Омбыдағы училищеді оқытушы болып, сонымен қатар социалистік бағыттағы «Степной край» газетінде тілші болып, қызмет атқарған. Содан бастап Ә.Бөкейхан қазақтың ұлттық ана тілінің мәртебесіне айырықша мән берген. «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл. Сөзі жоғалған жұрттың өзі де жоғалады» деген көзқарасы соның айғағы. Сондықтан да ұлт көсемі қазақ баспасөзінің қазақ ұлтының санасын оятатын, алға жетелейтін, көзін ашатын, қуатты күшіне сенім артып, ұлт азаттық қозғалысының жетекшісі болып жүріп, қазақ тіліндегі бүкіл ұлт баспасөзін ұйымдастырумен де

шұғылданған. Оған дәлел Оксфорд университетінің ғалымдарының «Ә.Бөкейхан қазақ әдебиеті мен баспасөзін дамытуда жетекші роль ойнайды» деп берген бағасын жатқызуға болады. Ең алғашқы мақалалары «Дала уалаяты» газетінде 1889 жылы 23 жасында қазақша төте жазуымен «Хат редакцияға» деген тақырыппен жарияланған. Осы газетте «Қарқаралы уезінің Тоқырауын, Қотанбұлақ және Батыс Балқаш болыстарындағы жер шаруашылығы» деген тақырыптағы мақаласы да жарық көрген. «Дала уалаяты» газеті қазақ ұлтының баспасөзінің тұңғышы деп танылған басылым болған [2]. Осылайша көсемсөздік мамандығына жол ашылып, қаламгерлікті меңгере бастағандығын экспедиция жетекшісі С.П.Швецов «Северная Азия» журналында Әлихан «Степной край» газетінің ірі тұлғаларының біріне айналды деп жазған. Бұл газетпен шектеліп қалмай Омбыда шығатын «Омичь», «Иртыш» және «Голос степи» газеттерінде жауапты шығарушы редакторда болған. Омбыдағы «Степной пионер» газетіменде байланыста болған. Ә.Бөкейханның Семей қаласында шығатын «Семипалатинский листок» газетінде де Думадағы мұсылман фракциясының үні болған «Мусульманская газетада» мақалалары жарияланып тұрған. 1908-1917 жылдары Самар қаласында айдауда жүргенде «Сибирские вопросы» журналына мақалалары жарияланып тұрған. Бүркеншік атына «V» деген латын әріпін пайдаланған. 1911 жылдан бастап «Мусульманская газета» басылымында да бестен астам материалдары жарияланып тұрған. Онда «Ал.Кочевник» деген атты пайдаланған. Ә.Бөкейханның қазақ баспасөзінің тарихынан ерекше орын алатын Тройцкі қаласында Мұхамеджан Сералин шығарған «Айқап» журналында да, сондай-ақ Петербургтік «Сибирские вопросы» журналында да мақалалар жазған. Әлихан Бөкейхан төңкерістен кейін қазақ тіліндегі «Темірқазық» және «Шолпан» журналдарын шығарып, Кеңес дәуірінде яғни 1925 жылдардан бастап «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарын ашуға да мұрындық болған. «Жаңа мектеп» журналы «Қазақстан мектебіне», «Әйел теңдігі» журналы «Қазақстан әйелдері» журналына айналған. Қазан төңкерісіне дейін француздың белгілі «Фигаро» газетінің Қазақстандағы тілшісі болған. 1908 жылдардан бастап Ф.А.Брокгауз бен И.А.Ефронмен бірлесіп «Жаңа энциклопедиялық сөздіктің» төртінші томынан 21 томына дейін жарыққа шығаруға қатысқан. Ал өзінің үзеңгілес серігі Ахмет Байтұрсынов екеуінің 1913 жылдың ақпан айында Дала өлкесінде қазақ халқы тарихындағы жалпы ұлттық басылым ретінде «Қазақ» газетін шығаруы «қазақ халқының біртұтас ұлт болып қалуын көздеді және ұлттық мемлекеттің қайта жаңғыруын аңсады» деп жазған академик Рашид Каренов. Қазақ газеті алғашқы жылы аптасына бірақ рет 3000 данамен шығып тұрған. 1914-1917 жылдар аралығында қазақ газетінің таралымы 8000 данаға дейін жеткен. Қазақ газеті Орынборда Кәрімов және Құсайынов деген азаматтардың бірлескен жеке меншік баспаханасында басылып тұрған. Бас редакторы Ахмет Байтұрсынов болған. Осы қазақ газетінде 300-ге тарта мақалалары жарық көрген. Оның көбісінде «Қыр баласы», «Ғали хан», «Арысұлы», «Түрік баласы» деген бүркеншік аттарды пайдаланған. Жалпы баспасөз беттерінде 30-ға тарта бүркеншік аттары болған. Қазақ газетінде «Хан баласында қазақтың хақысы бар, тірі болсам қазаққа қызмет қылмай қоймаймын» деп өзіннің азаматтық ұстанымын да жариялаған.

Әлихан Нұрмұхамедұлы 1896-1903 жылдар аралығында Ф.А.Щервина жетекшілік жасаған экспедиция құрамында болып Ақмола, Семей губернияларын аралап, қазақ ауыз әдебиет үлгілерін, фольклорлық, этнографиялық мұралар туралы деректерді жинақтап, тіпті қазақтың рулық-тайпалық құрамын зерттеп, генеологиялық картасын жасаған. Ә.Бөкейхан ақында емес, жазушыда болған жоқ, ол поэзиялық, не прозалық шығарма жазып қалдырмаған адам. Алайда ол халық ауыз әдебиетінің мұраларын жинастыру мен зерттеуді ғылыми жолға қойған фольклоршы ғалым, әдебиеттанушы, сыншы және көркем аудармашы болған. Сондай-ақ қазақ әдебиетіндегі абайтану ілімінің негізін тұңғыш салған ғалым.

Ғылым докторы Айгүл Ысмақова «Ә.Бөкейхан қазақ әдебиетін танытудың басында тұрған әдебиеттанушы, теоретик, фольклоршы. Ол қазақ эпосын ғылыми тұрғыда зерттеген тұңғыш ғалым» деп бағалаған Оксфорд университеті ғалымдарының пікірін қуаттаған. 1889 жылы «Дала уалаяты» газетіндегі «Хат редакциясы» деген мақаласында қазақ халқының өз поэзиясы бар. Шортанбай, Шөже, Орынбай, Найманбай, Шернияз, Құланбай сияқты

ақындардың есімі көпке мәлім. Бұлардың сөз құдіретін кім білмейді. Шернияздың тағдыры тапқыр сөзбен шешілген. Ал Шөже Қарынбайлардың өзін жібіткен деп жазып, өзінің әдебиетке ертеден қызыққанын жастайынан құштар болғандығын аңғартады. 1894 жылғы Тобыл экспедициясынан бастап Ф.А.Щербина, С.П.Щецов экспедицияларында болып, ел ішінен ауыз әдебиет үлгілерін жинаумен қоса шұғылданған. Ең алғашқы әдеби зерттеуі «Қырғыздың Қобыланды жырындағы әйел» деген тақырыппен 1896 жылы «Түркістан ведомствалары» газетінде жарық көрген. Осы жырдағы Аналық, Қарлыға, Құртқа, Көктен кемпір атты 4 әйел бейнесіне жеке-жеке тоқталып, талдау жасағандығына сүйеніп, әлихантанушы ғалым Сұлтанхан Аққұлұлы «қазақ ғылымы қашаннан басталған деген сұраққа 1896 жылғы Ә.Бөкейханның ғылыми зерттеулерінен басталған» деп жауап берген. Әлихан Қобыланды жырының көркемдігіне, тіліне тоқталған. «Тіпті Қобыландыда дәмді сөз жоқ десек адасқандық болмас, жақсы көркем жырда сол уақыттағы қазақтың болмыс салты көрініп тұруға лайық. Сол замандағы тіккен үйінен, киген киімінен, ұстаған аспаптарынан, сөздерінен білінеді деп сынаған. Кітаптың мұқабасындағы Қобыландының суретіне де мін таққан. Ал профессор Өмірхан Әбдиманов «Шәкәрім шежіресінің сыны», «Қалқаман-Мамыр», «Қара қыпшақ Қобыланды жырларын зерттеу кезінде Ә.Бөкейхан шығармаларды сынға алып, әдебиетке қатысты мәселелерді де тілге тиек еткен» деп жазған. Әлихан әдебиет мәселесімен 1922 жылдың соңынан бастап яғни Мәскеудегі үлкен Кисловский көшесіндегі төртінші үйдің 15 пәтерінде 1937 жылға дейін үй қамаққа алынған кезінен бастап шұғылданған. 1922-1927 жылдар аралығында Мәскеудегі КСРО халықтарының кіндік баспасында әдеби қызметкер ретінде жұмыс жасауы зерттеушілікпен еркін шұғылдануына кең мүмкіндік берген. 1923 жылы баспада қызмет жасап жүргенде Ер Тарғын жырын өңдеп, түсініктер жазып кітап етіп бастырған. «Мен жырдың қара сөзбен жазылғанын қысқартып, өлеңмен жазылған жерлерін өңдедім деген. Қазақ ауыз әдебиетінің үздік туындысының бірі Қозы Көрпеш - Баянды 1924 жылы Мәскеуде кітап етіп бастырған. Сөз басында кітапты Нормандыға «Фауст» қандай болса, түрік баласына Қозы мен Баян сондай деп Европа әдебиетімен салыстырған. 1926 жылы А.Байтұрсынұлының 23 жоқтау жинағын кітап етіп бастырып, шығарған. Бұл кітапқа Әлихан ғылыми түсініктер жазған [3].

Профессор Дихан Қамзабек «Қалқаман-Мамыр» жанрын тарихи хроника деп анықтағандығына тоқталып, әдеби эстетикалық таным түйсігінің биік шыңы – «Ән өлең, хәм оның құралы» атты мақаласы деп бағалаған. Мақаланы жазу үшін Әлихан әрі суретші, әрі сыршыл, әрі ғалым ретінде көрініп отырған. Осы ән туралы мақаласындағы Алаштың төл ұғымындағы «адам көңілдегісін алғаш сөзбен қияды» деген қазақ сөзінің терең мағыналы ұғыммен айтылатындығына назар аударған деп бағалаған. Ал «Қалқаман-Мамырда» бұрынғы қазақ жұртының салты, қазақ мінезі, қазақтың іс-қылығы, тіпті аз, Шәкәрім жақыннан қайырып, ойдағыдай толымды қылып жазбады, Шәкәрім ақын жолынан қажылыққа көп ауып кетті» деп сынаған. Алайда Шәкәрім қажының 1911 жылы шыққан «Түрік, қырғыз, қазақ хәм хандар шежіресі» атты ғылыми шығармасына қазақ шежіресінің тұңғышы деп баға береді. Ә.Бөкейхан «қазақ» сөзінің қалай шыққандығы жөніндегі аңызды келтіріп, қырғыз деп орыстар таңған атаудың кате екенін, олар өздерінің атты «казак» әскерінен айыру үшін қырғыз деп атап жүр деп дәлелдеген. «Шәкәрім шежіресіне сыны» деген мақаласында «Алаш» деген сөздің шығуына түсінік берген. «Алаш» сөзінің шығу төркініне Шәкәрім келтірген деректерге күмәндана қараған. «Алашы» деген біздің қазақ сөзі деп орынды қарсылық білдірген. Ә.Бөкейханның басты ұстанымы «Қазақтың ұлттық мүддесі оның тарихында жазылған. Ал қазақтың тарихы оның асыл сөзінде, әдебиетінде» деп бағалаған.

Әлихан Бөкейхан тұңғыш Абайтанушы, Абайдың өмірбаянын, ақындығын алғаш жазған. 1904 жылы Абай дүние салғанда қазанама-мақала жазған. Ол Семейдің «Семиполатинский листок» газетінде 1905 жылы қараша айында орыс тілінде жариялаған. Қарағандылық жазушы Ж.Бектұров «Үш Әлекең» атты мақаласында Абайдың өлеңдерін орысшаға аударып «Киргизская Степная» газетаға тұңғыш жариялаған Әлихан еді деп пікір айтқан. Әлихан Бөкейхан «Абай-халықтың рухани жан дүниесін тереңнен көрсете алған, қазақта бұрын сонды болмаған ақын» деп баға берген. 905 жылғы «Абай Құнанбайұлы» атты

мақаласында «оның жылдың төрт мезгілі көктеем, жаз, күз және қыс суреттелетін теңдесі жоқ ғажайып өлеңдері Еуропаның әйгілі ақындарының да мақтанышы бола алар еді» деп жазған. Ол Абайдың ақындық мұрасын ғана емес оның шығармашылығында терең білген. Абайды қоршаған туған-туысқандарымен, айналасындағы әдеби ортаның өкілдерімен достық қарым-қатынаста болған [4]. Абайдың 14 жасынан бастап өлең шығара бастағанын, бірақ алғашқыда өз өлеңдеріне мән бермей, тіпті «ақын» атанудан жасқанып жүретіндігі туралы да пікір айтқан. Әлихан Абайдың бала оқытуға ерекше мән бергенің атап көрсетеді. Сонымен қатар алғаш рет Абайдың оқыған кітаптарының тізімін анықтап берген ғалым. Ә.Бөкейхан 1-ші Думаға депутат болып сайланып, Семейге бара жатқан жолында 1906 жылдың қаңтарында «Ямышевский» поселкесінде тұтқынға алынып, Павлодар түрмесіне жабылғанда Абай өлеңдерінің қолжазбасы қолындағы портфелінде болған. Әлихан түрме бастығына өтініш жазып портфеліндегі Абайдың қолжазбасын 5000 рубльге бағалап қайтарып беруін сұраған. Алайда қолжазба патша жандарымдарының күдігіне ілініп ұзақ уақыт тексерісте болып, тек мамыр айында ғана қолына тиеді. Әлихан осыдан кейін Абайдың қолжазбадағы өлеңдерін жинақтап, баспаға дайындап тұңғыш рет оны 1909 жылы Санкт-Петербургтегі Илья Бораганскийдің баспасынан кітап етіп жарыққа шығарған. Әлихан Мәскеуде үй қамақта отырған отызыншы жылдарының ішінде жас та дарынды Мұхтарға «Абайдың ұлы сөзін құлағң шалып өскен інісің, ауылдасысың, туысысың. Абайды сен жазғаның дұрыс!»-деп тапсырғанын, осылайша Абай Әлиханға сүрлеу салып, «кірпіш болып қалануды» өсиет етіп жүктесе, Әлихан Абайдың аманатын келесі ұрпаққа-Мұхтарға қолма-қол тапсырған деп жазған әлихантанушы Сұлтан хан Аққұлұлы [5].

Ә.Бөкейхан - тұңғыш көркем аудармашы. Өзінен соңғы ұрпаққа қалдырған әдеби мұрасының ең көлемдісі көркем аударма. Ол орыс әдебиетімен қатар Батыс Еуропаның, Үндінің, Қырым халқының әдебиеттерін қазақ тіліне аударған. Оның қазақшалаған шығармаларының ішінде орыстың классик жазушылары Л.Н.Толстой, А.П.Чехов, Д.М. Мамин-Сибиряк, В.Г.Короленкомен қатар Еуропа елдері қаламгерлерінің туындыларын да аударған. Тұңғыш аудармасы 1900 жылы «Дала уалаяты» газетінде жарық көрген Толстойдың «Сурат кафеханасы» атты әңгімесі. 1935 жылы «Кавказ тұтқыны», «Жеті қарақшы» әңгімелері және Ги де Мопассанның балаларға арналған «Ақсақ кемпір» «Симонның әкесі» әңгімелері «Жаңа мектеп» атты журналда жарық көрген. Ә.Бөкейхан сондай-ақ көркем шығармаларды ғана емес мектеп оқушыларына бағытталған оқу ағарту материалдарында көп аударып, басым көпшілігін кітап етіп баспадан шығарттырған. Оған Д.Гравенің «Дүниенің құрылысы», Т.Тутковскийдің «Жер қалай жасаған» шығармаларын жатқызуға болады. Өмірінің соңғы жылдарында Мәскеудегі Шығыс халықтарының орталық баспасында аудармашы болып қызмет атқарып, көркем аударма жұмысын жалғастырған [6].

Бүкіл өмірін қазаққа автономия алып беру жолындағы саяси күреске арнаған дара тұлға, 5 рет тұтқындалып, 1906 жылы Павлодарда, 1908 жылы Семейде, 1922 жылы Қарқаралыда, 1928 жылы Алматыда, 1937 жылы Мәскеуде түрмелерге жабылған. 15 жыл Мәскеуде үй қамаққа алынып, ақыры 71 жасында Әлихан Нұрмұхамедұлы халық жауы деген жалған жаламен Мәскеудің Бутырка түрмесінде 1937 жылдың 27-қыркүйегінде тура анасы Бегімханымның қайтыс болған күнінде атылып, мәйітінің күлі Дон Монастры зиратының №1 шұңқырына көмілген. «Әлекең оқыдым деп басына пайда қылмаған, мал жимаған, үй салмаған, үй тігіп, бие байлап, қымыз ішіп, қазақша дәурен сүрмеген. Қазақты өз алдына ел қыламын деп, өмірден түк рақат көрмей өткен соры қалың Әлихан» деген бауыры Смақанның азалы күйініші қазақ елінің ұлы тұлғасын аза тұтып жоқтап тұрғанындай [7].

Ә.Бөкейханның ата-аналары мен бауырлары туған жері Желтау тауының алқымында Жіңішке деген өзеннің жағасындағы ел аузында «Талдыбейіт» аталып кеткен қорымда жерленген. Бұл қорым жергілікті деңгедегі тарихи ескерткіштердің қатарына еңгізілген. Бүгінгі таңда «Талдыбейіт» қорымы ғалымдар мен саяхатшылардың, мектеп оқушыларының танысатын, қызығып тамашалайтын тарихи орынға айналған.

Алаш қайраткері һәм жерлесі Әлімхан Ермековтың «Әлекен дәрия білімді ғұлама ғалым ғой, 9 тілде еркін сөйлеп, еркін жаза білетін» деп берген бағасы адамзаттың Әлиханы болғандығын айқындап тұрғандай.

Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Алаштың Әлиханы 2016 ж. Тұңғышбай Мұқан "Алаш ұраны ұлт азаттығы".
2. Аққұлұлы С. Әлихан Бөкейхан // Жұлдыз. №1. 1996 ж.
3. Әлихан Бөкейхан таңдамалы шығармалары. VI-том. 2012 ж. Смақан төренің дәптерінен.
4. Аққұлұлы С. Әлиханның шығармалар жинағы. IX-том.
5. Сырым Бөкейханов. "Өткен күнде белгі бар" Алматы 2016ж.
6. Каренов Р. Талассыз жеке дара тұр ғой өзі // Азия транзит. 2006 ж. №7.
7. Алтынбеков Қ. лиханның ақылы // Арқа еңбеккері. 1992 ж. №75.

МОЙ КАЗАХСТАН - ГОСУДАРСТВО С БОГАТОЙ ИСТОРИЕЙ.

Фау Е.К.

Научный руководитель: старший преподаватель магистр пед.н., Никамбекова А.Б.

Карагандинский университет Казпотребсоюза

egorfau26@gmail.com

г. Караганда

Государственность казахов – продолжение государственности крупных кочевых империй, с древности существовавших на территории Казахстана. Необходимо раскрытие вклада кочевничества в мировую цивилизацию, влияния кочевого образа жизни на генезис казахского народа. Важным для нашей истории было взаимообогащение тюркской, славянской, китайской цивилизаций.

На территории современного Казахстана существовало много тюркских государств с древних времен. Формирование казахского народа шло очень долго и сложно. На территории современного Казахстана сменялись народы, сменялись государства. Кочевая скифо-сакская цивилизация сменилась могучей гуннской державой, преемниками гуннов стали тюркские каганаты – Тюркский каганат, в составе которого были разные кочевые, полукочевые племена, Тюркешский, Карлукский каганаты, государства караханидов, огузов, кыпчаков.

Образование Казахского ханства было также очень сложным и продолжительным по времени. Казахское ханство имеет большую предисторию. На протяжении очень длительного времени на его территории существовало не менее 20 государств. И тут возникает много вопросов. В современных источниках откочевку, возглавляемую султанами Кереем и Жаныбеком уже называют откочевкой казахских племен. Султаны Керей и Жанибек объединили казахов и заложили основы для Казахского ханства. Так что же, племена, существовавшие на территории ханства Абулхайра, а ещё ранее на территории Белой орды уже тогда назывались казахами? Или всё-таки это разные племена, принявшие власть Керей и Жанибека, объединившись, создали предпосылки для создания нового этноса, который потом и стали называть казахами.

«Казак не всегда проводил свое «казакование» в полном одиночестве. Человек пожелавший разделить с вольным казаком его непредсказуемую судьбу, становился ему казакдашем. Слово казакдаш (образовано по известному образцу: юлдаш спутник, аркадаш «товарищ», аулдаш «земляк», ватандаш «соотечественник») встретилось мне впервые и только однажды в сочинении ал- Хаджжа Абд ал-Гаффара Кирими Умдат ат-таварих. Казакдаш. Любопытное слово! Но я не знаю, как толково перевести его на русский язык».- пишет С.К. Кляшторный [4, 124 с]. И какие племена в дальнейшем перекочёвывали в